



Бар бұйымтай
бақылауға алынды



3-бет

Балқаш: табиғат пен
туризмнің теңгерімі



5-бет

Апалы-сіңілі Азия
чемпиондары



8-бет

Нарық бәсекесі мен халық сұранысының бәсі

Кеншілер астанасындағы мемлекеттік және сервистік қызметтер орталығында «Қазақстанның үздік тауары – 2025» республикалық көрме-байқауының аймақтық кезеңі өтті. Онда облыстың 60-тан астам кәсіпорны өз өнімін ұсынды. Шара өңір бизнесінің жетістіктерін таныстырумен қатар, жаңа әріптестік орнатып, идеялар алмасатын маңызды алаңға айналды. Ауқымды көрме аясында өндірістік әлеуеті жоғары компаниялар, шағын және орта бизнес өкілдері және жаңа технологияларды меңгерген кәсіпкерлер бас қосты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрменің ашылу және марапаттау рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов, өңірлік кеңес мүшелері, мемлекеттік органдар өкілдері, бизнес-қауымдастық және басқа да құрметті қонақтар қатысты. Қонақтар өнімдермен танысып, олардың сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін ерекше атап өтті.

Облыс әкімінің орынбасары аймақта өнеркәсіп өндірісінің көлемі тұрақты өсіп келе жатқанын әрі шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға барлық жағдай жасалып жатқанын атап айтты.

– Мемлекет басшысы отандық өндірісті қолдауға әрдайым ерекше назар аударады. Бүгінгі көрмеге облыстың 60-тан астам кәсіпорны қатысып отыр, олардың көпшілігі – шағын және орта бизнес өкілдері. Олардың өнімдері нарықта сұранысқа ие, бәсекеге төтеп береді әрі өңір



мен ел экономикасына қомақты үлес қосуда. Бұл байқау өзара тиімді ынтымақтастық орнатуға, өткізу нарығын кеңейтуге және отандық өнімнің имиджін нығайтуға мүмкіндік береді», – деді Ермек Амантайұлы.

Көрмеге әртүрлі өндіріс салаларына арналған өнімдер қойылды. Атап айтқанда, үстел-орындықтар, коқыс жәшіктері, темір швеллерлер, электр сымдары, шарлы және бекіту арматуралары, машинаға арналған косалқы бөлшектер, су және газ құ

бырлары, темір-бетон бұйымдары, құдық қақпақтары мен жиектастар көрсетілді.

Сондай-ақ, жылуоқшаулағыш материалдар, отқа төзімді арнайы киімдер, полиция қызметкерлеріне арналған толық киім үлгілері мен жабдықтар, электр есептегіш



құралдары, қаңылтыр бұйымдары және автобустар өндірісі таныстырылды. Сонымен қатар, шана, велосипед, кубоктар мен статуеткалар да қойылды.

Тағам өнімдерінен ет және шұжық өнімдері, тауық еті өнімдері, ұннан жасалған тағамдар, манты, тұшпара, тоқаштар, түрлі тәттілер, сүт өнімдері, йогурттар мен балмұздақтар һәм нан өнімдері ұсынылды.

Тұрмыстық техника түрлерінен теледидар, кір жуғыш машина, су жылытқыш титан, шаңсорғыш және өзге де тұрмыстық құрылғылар қойылды. Құрылыс материалдары, сабын және сусабын өнімдері де көрмеде орын алды.

Бұдан бөлек, биохимиялық зерттеулерге арналған арнайы сұйықтықтар, демалысқа арналған палаткалар, қағаз және баспа өнімдері, түрлі киім-кешек үлгілері де келушілер назарынан тыс қалмады.

Қонақтар тауарлармен танысып қана қоймай, өндірушілерден тікелей сатып алып жатты.

Солардың бірнешеуімен тілдесіп, өнімдерімен таныстық. Мәселен, «Qaz Delikates» ЖШС ет деликатестері мен шұжық өнімдерін өндіреді.

► 2-бет

• РЕСМИ

Қаржыңызды бақылауда ұстаңыз

Салық төлеу – әрбір азаматтың келелі міндеті. Бірақ, кейде уақыттың тығыздығынан немесе өзге де бірқатар себептермен салық берешегі пайда болып жатады. Ондай жағдайға тап болмас үшін, облыс бойынша мемлекеттік кірістер Департаменті салық берешегін жылдам әрі оңай анықтаудың жолдарын ұсынады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ыңғайлы және жылдам бірнеше тәсіл бар. Алғашқысы, Мемлекеттік кірістер комитетінің порталы (kgd.gov.kz). «Электрондық сервистер» бөліміне кіріп, «Салық берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер» қосымша бетін таңдасаңыз, жеткілікті. Веб-сервис тілі қарапайым әрі ұғынықты. Ендігісі, E-SalykAzamat мобильді қосымшасы. Оны қалта телефоныңыздағы App Store немесе PlayMarket-тен жүктеп ала аласыз. Осылайша, сіздің салық web-кеңсеңіз әрдайым көз алдыңызда болады. Telegram-дағы SalyqBot-қа келелі. Егер сіз Telegram-ды жиірек қолданаңыз, бұл бот қажетті ақпаратты тез арада алуға септеседі. Және соңғысы – Egov.kz электрондық үкімет порталы. Мемлекеттік қызметтерді алуға арналған ең танымал ресурстардың бірі.

Оқшау әрекет емес, ортақ мүдде керек

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елге қауіп төндіріп тұрған әлеуметтік кеселдермен күресу – ұрпақ болашағы үшін айрықша маңызды екенін атап өткен болатын. Осы орайда нашақорлық, ойынқұмарлық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм және ысырапшылық секілді кеселдермен күресу, олардың алдын алу бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясына зор міндет жүктеді. Президент тапсырмасына орай, Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің көшпелі «Нашақорлық – тұрақтылыққа төнген қатер» тақырыбындағы семинары Қарағандыда өтті. Сонымен қоса, аталған шара Ассамблеяның 30 жылдығына орайластырылды.

Нашақорлықпен күрестің алдыңғы шебінде

Семинар жастар арасында отбасылық құндылықтарды нығайтуға және әлеуметтік қауіпті құбылыстардың алдын алуға бағытталған «Салауатты сана» жобасын талқылаудың негізгі алаңына айналды. Ауқымды шараға Президент Әкімшілігінің, Бас прокуратураның, ПМ, Денсаулық сақтау және Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, Мәжіліс де



путаттары, өңірлік Аналар кеңесі мүшелері, Үкіметтік емес ұйымдар және сарапшылар қатысты. Аталған шара алдымен Қарағанды медицина университетінен бастау алды. Мұнда ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, ҚХА республикалық Аналар кеңесінің төрағасы Нәзіпа Шанай және Қазақстанның әр облысынан келген Аналар кеңесінің басшылары қатысты.

Келелі жиында ұлт денсаулығына, отбасы құндылықтарына және қоғам тұрақтылығына нұқсан келтіретін әлеуметтік қауіпті кеселдердің, соның ішінде нашақорлықтың алдын алу мәселесі кеңінен талқыланды.

Нашақорлыққа қарсы күрес ең алдымен оның мамандарын даярлаудан, кеселге шалдыққандарды емдеп, салауатты өмір салтына бейімдеуден басталады. Бұл тұрғыда ел көлемінде жүйелі әрі тиянақты жұмыс жүргізіп жатқан мекеме – Қарағанды медицина университеті. Оқу орны құзыретті дәрігер-наркологаларды қалыптастыруда зор міндет атқарып келеді. Мәселен, 5 жыл ішінде университеттің неврология,

психиатрия және реабилитология кафедрасы 74 психиатр-нарколог мамандарды дайындады. Оның 95 пайызы еліміздің түпкір-түпкіріне жұмыс істеп жүр. Ал, 5 пайызы әртүрлі себептермен шетелге кететін көрінеді.

– Біздің симуляциялық орталықта шын өмірде кездесетін жағдайларға сай оқыту сабақтарын өткіземіз. Дәрігер-наркологты даярлау – ұзақмерзімді процесс. Біз оларды 9 жыл оқытамыз. 7 жыл жалпы практика дәрігері дайындалады, содан кейін 2 жыл резидентура оқиды. Бұл өте ұзақ процесс болғандықтан,



дәрігер-наркологалар – сирек кездесетін, бірегей мамандар, – деді Қарағанды медицина университетінің ректоры Бақыт Көшерова.

Облыстық психикалық денсаулық орталықтарымен оқу орны өте жақсы қарым-қатынас орнатқан.

– Студенттер іс жүзінде толықтай сол базада білім алады. Бұған қоса, өңірлердегі барлық психикалық денсаулық орталықтарымен келісімшарт бар. Білім алушыларды іс-тәжірибелік интернатураға, резидентураға жібереміз. Бұл олардың болашақ мамандығын тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді. Науқастарды қалай емдеу қажеттігін біліп, алдын ала үйренуі үшін өте қажет, – деді ректор.

Медициналық университет нашақорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ауқымды ғылыми және білім беру бағдарламасын іске асыруда. Есірткі заттарын анықтау бойынша зертханалық талдау жасайды, диагностика мен алдын алудың инновациялық әдістерін енгізеді, тәуелділікті емдеп қана қоймай, жастармен және ата-аналармен тәрбие, түсіндіру жұмыстарын жүргізуге қабілетті жаңа буын мамандарын, психолог, аддиктолог дәрігерлерді дайындайды.

► 2-бет

Оқшау әрекет емес, ортақ мүдде керек

(Соңы. Басы 1-бетте).

Семинар барысында қандағы есірткі заттарын талдау мен анықтаудың заманауи технологиялары көрсетілді. Сондай-ақ, есірткі қолданған мас күйдегі жүкті әйелге, жаңа туған нәрестеге және жасөспірімге шұғыл көмек көрсетудің практикалық көрсетілімі болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қарағанды облысы ҚХА Ғылыми-сараптамалық тобының жетекшісі, профессор Вилен Молотов-Лучанский Қарағанды медицина университеті мен облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылымдары қоғамда теріс құбылыстарға қарсы тұруға төзімділік қалыптастыру үшін бірлесіп атқарып жатқан жұмыстың маңызына тоқталды.

Басты ұстаным – саналы қоғам құру

Делегация облыстық полиция департаментіне қарасты отбасына көмек көрсету орталығына да ат басын бұрды. Олар орталықтың атқарылған жұмыстарымен және жоспарларымен танысты. Арнайы мамандармен жабдықталған бөлімдердің міндеттері жөнінде хабарланды.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық Аналар кеңесінің төрағасы Назипа Шанай Аналар кеңесі қоғамдық санының қалыптасуына және күрделі мәселелердің шешілуіне ықпал етіп жатқанын айтты.

– Республика бойынша орталықтарда 16 мыңнан астам ана жұмыс істейді. Аналар кеңесі саналы қоғам құруды мақсат тұтады. Сонымен қатар, еліміздегі күрделі мәселелерді шешу жолында нәтижелі жұмыстар атқарып келеміз. Мәселен, Аналар кеңесі әскердегі суицид мәселесі бойынша зерттеу жүргізді. Нәтижесі мынандай болды: әскердегі суицидтің 80%-ы лудоманияның кесірінен болады екен. Яғни, қарызға белшесінен батқан азаматтар әскер қатарында жүргеннен небір қиындықтарға тап болады. Отбасы өкілдерінің немесе берешегін талап еткендерді тарапынан түрлі қысым жасалады. Бұның барлығы сарбаздың психологиялық жағдайына әсер етеді. Аналар кеңесінің тарапынан әскерге немесе әскери оқуға баратын азаматтардың берешегін тоқтата тұру мәселесін көтерген еді. Қағылған дабылға үкімет құлақ асып, былтыр заң қабылданған. Бүгінде азамат әскерден оралғанша берешегі тоқтатылады. Оралғаннан кейін де жұмысқа орналасып, қаржылық жағдайын реттегенше 3 ай уақыт беріледі, – деді Назипа Шанай.

Қарағандыдағы отбасына көмек көрсету орталығында анаға да, балаға да жан-жақты көмек көрсетуге жағдай жасалған. Басты міндеті – отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Облыстық полиция департаментінің отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің бастығы, подполковник Гүлбану Рәтайқызы мұндай орталықтар озбырлыққа ұшыраған дәрменсіз жандарды қорғауда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

– Мәселен, отбасында ішімдікке, есірткіге тәуелділер болса, орталықта оларға психологиялық көмек көрсететін білікті мамандар бар. Үнемі жанжал шығаратындармен де жұмыс істейміз. Жалғызбасты аналар алимент ала алмаса, орталыққа



жүгінеді. Орталықтағы жангерлер сот арқылы мәжбүрлі түрде төлету жолдарын қарастырады. Отбасындағы басқа да проблемаларды шешуге көмектеседі. Орталықта отбасыларға жәрдемдесетін 12 маман бар, – деді Гүлбану Рәтайқызы.

Орталық жұмысын таныстыру іс-шарасына Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне қарасты Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының курсанттары да қатысты. Бұл курсанттар отбасылық мәселелерді шешуге бағытталған арнайы кафедрала білім алып жатыр. Олар делегацияға мамандықтарының маңызы мен атқаратын міндеттері туралы айтып берді.

Жастардың жігерлі қадамы

Одан кейін Аналар кеңесінің өкілдері облыстық Жастар ресурстық орталығына барды. Орталық директоры Аслан Кабегенов кеңес мүшелерін арнайы қарсы алып, Esbol qory-ның жаңадан ашылған фронт-офисімен таныстырды. Сонымен қатар, орталықтың жұмысымен кеңінен таныстырып, мүмкіндігін сөз етті.

Esbol qory – есірткіге қарсы жұмыс істейтін ауқымды қор. Бүгінде дәл осы қордың ел бойынша үш фронт-офисі бар. Үшіншісі – күні кеше ғана ашылған Қарағандыдағы офис екен. Дегенмен, бұл офис басқа өңірлердікіне қарағанда ең үлкені көрінеді. Сәйкесінше, атқаратын жұмысы да ауқымды, талап та қатаң.

– Бүгінгі іс-шара жай ғана фронт-офистің ашылуы ғана емес. Керісінше, игі істің бастамасы деп білемін. Әрине, қордың мақсаты – айқын. Жыл соңына дейін 200 жаспен психологиялық, әлеуметтік қолдау шарасын өткізуді көздеп отырмыз. 70-ке жуық волонтерді тартып, олармен бірлесіп жұмыс жасау қажет. Сонымен қатар, өңірдегі онлайн және офлайн режимде есірткі сататын нүктелерді жауып, құқық қорғау орындарына табыстаймыз. Әрине, бұл жұмыстардың бәрі полиция департаментімен бірлесіп жасалады, – деді облыстық Esbol qory қорының басшысы Мереуіл Жаксылық.

Мереуіл Жанболатқызының сөзіне сүйенсек, мұндағы мамандар 14-35 жас аралығындағы жастармен жұмыс істейтін көрінеді. Яғни, тре-

нингтер, семинарлар мен кездесулер дәл осы жаңа офисте өтеді. Жоспар бойынша айына 15 рейд жүргізілуі тиіс.

Жаңа офистің ашылуынан кейін кеңес мүшелері Жастар орталығын аралап қайтты. Ондағы дыбыс жазу студиясымен, подкасттарды жазу, дәріс оқу аймағын тамашалап, ол жердегі мүмкіндіктермен танысты. Сонымен қатар, қонақтарды жас колөнершілер күтіп алып, түрлі дизайнды безендірілген туындыларын паш етті.

Фронт-офис тек кеңес беріп, ақпараттық қолдаумен шектелетін алаң емес. Керісінше, әр жастың шығармашылық қабілетін шыңдап, білімін арттыруға мүмкіндік беретін үлкен алаң болмақ.

Нашақорлыққа қарсы қалқан

Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің «Нашақорлық – тұрақтылыққа төнген қатер» республикалық семинарының пленарлық отырысы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпастың және орталық мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуымен жалғасын тапты.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұл жиынның өзектілігіне тоқталып, нашақорлыққа қарсы күрестің нақты амалдарын бірлесіп ой елегінен өткізіп, әр отбасының, әр азаматтың үні ескерілетін ортақ шешім қабылдаудың маңызы екенін айтты. Сондай-ақ, облыс көлемінде жастардың әлеуметтік кеселдерден аулақ болуына, оның алдын алуға бағытталған бірқатар жұмыс жасалып жатқанын атап өтті.

– Басты қару – жаза емес, дұрыс бағдар қалыптастыру. Біз осыған орай жастардың рухани даму, спорт, шығармашылықпен айналысуына көңіл бөлеміз. Өңірде футбол академиясы салынууда, шахмат қозғалысын дамытып жатырмыз. «Кітап оқитын ұлт», «Тұлпар мініп, ту алған» жобалары іске асырылуда. Жастар үшін Community-орталық аштық, гранттық бағдарламаны іске қостық және «Жасыл ел» жобасы бар. Бұл бастамалардың барлығы инфрақұрылым ғана емес, бұл – жастарға өз әлеуетін іске асыруға, ел үшін өзінің маңыздылығын сезінуге көмек беретін жүйе. Ал бұл, түптеп келгенде, ең сенімді профилактика болмақ. Қоғам мен билік иық тірестіре жұмыс істегенде ғана болашақ ұрпақты қорғай аламыз. Бүгінгі кездесу соның айқын дәлелі болып отыр, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрағасы Назипа Шанай республика бойынша нашақорлыққа қарсы күресте Қарағанды облысының белсенді жұмыс жасап жатқанын айтты. Бүгінде өңір ел бойынша үшінші орында тұр.

Семинар спикерлері нашақорлыққа қарсы күресте ерте профилактика, психоактивті заттардың айналымын қатаң қадағалау, оңалту жүйесін дамыту, сондай-ақ ата-аналар мен жастардың белсенді қатысуы маңыздылығын талқылады.

ҚР Президент әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Анастасия Щегорцова нашақорлықтың алдын алуда мемле-

кеттік және қоғамдық бастамаларды біріктіретін институт ретінде қоғамды шоғырландырудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөліне баса назар аударып отырып, осы жиында Ассамблея төрағасының орынбасары Марат Әзілхановтың құттықтау сөзін жеткізді.

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бастығы Ақмарал Қыдырова медициналық ұйымдарда есірткіге тәуелді 18 мыңға жуық адам динамикалық бақылауда тұрғанын айтты. Оның ішінде жасөспірімдер бар.

– Есірткіні алғаш рет қолдану жасы көбіне 13-15 жас аралығындағы жасөспірімдерге тиесілі. Зерттеулер дәлелдегендей, жасөспірім үшін ең мықты қорғаныс факторы – ол отбасы. Ата-ана мен бала арасында сенім, көңіл бөлу және ашық әңгіме болған жерде есірткіге тәуелділікке ұрыну қаупі бірнеше есе төмендейді, – дей келе, қоғамның бірігуі нәтижесінде ғана мұндай қиындықтарға төтеп бере алатынымызды айтты Ақмарал Бекеқызы.

ҚР ІІМ Есірткі айналымына қарсы іс-қимыл комитетінің өкілі Алмасхан Садыханов есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес туралы баяндама жасап, есірткі зертханаларын жою, интернет-ресурстарды бұғаттау және осы саладағы қылмыстар санын азайту нәтижелерін атап өтті.

Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Ерлан Қалмаков жасөспірімдер арасында білім беру және нашақорлықтың алдын алу, мектептерде салауатты өмір салтын қалыптастыру және өскелең ұрпақтың жауапкершілігі бойынша жүйелі бағдарламаларды енгізу қажеттігін атап өтті.

Қарағанды облысы бойынша медициналық-фармацевтикалық бақылау департаментінің басшысы Ольга Смирнова өз сөзінде дәрілік заттардың айналымын бақылауды қатаңдату жөніндегі шараларды, тәуелділікті ерте анықтау және оңалту орталықтары желісін дамыту қажеттігін алға тартып, мәселенің медициналық аспектісіне тоқталды.

Семинарға қатысушылар нашақорлық медицина мен білім үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де қатер екенін, сондықтан оған мемлекет пен азаматтық сектордың күш-жігерін біріктіру арқылы ғана қарсы тұруға болатынын атап өтті.

Шара соңында нашақорлықпен күресте белсенділік танытып жүрген өңірлік Аналар кеңесінің мүшелері мен қоғам белсенділері марапатталды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
Ерік НАРЫП,
Ербол ЕРБОЛАТ
Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Нарық бәсекесі мен халық сұранысының бәсі

(Соңы. Басы 1-бетте).

– Көрмеге қазы, шұжық, тауық еті және жартылай дайын фабрикалар әкелдік. Сонымен қатар, бір табақ етке арналған жиынтық та бар. Онда ет пен қазы бар. Сыйлыққа да беруге болады. Сауда үйлерінде де өнімдеріміз сатылуда. Өнімдеріміз 100 пайыз таза өнімнен. Ешқандай химиялық қоспа жоқ. Мәселен, 120 гр қазы 1200 теңге тұрады. Ал, бір табақ еттің жиынтығы 8100 теңге. Өзірге көрші облыстарға ғана шықтық. 30-дан астам адамды жұмыспен қамтып отырмыз, – дейді аталған мекеме басшысы Роман Малахов.

Ал, «WEC Trade» ЖШС – тұрмыстық химия өндіретін қазақстандық компания. Нақтырақ айтсақ, 90-нан астам өнім түрін, оның ішінде, кір жуғыш гельдер, ыдыс жуғыш құралдар, эмбебап тазалағыштар өндіреді. Зауыт толық циклем жұмыс істейді. Өнімдері Wildberries, Ozon маркетплейстерінде ұсынылғанын атап өткен жөн.

Одан бөлек, Forever Flourishing металлургиялық зауыт 2017 жылы құрылған.

– Металлургиялық зауыт бұрышты болат құймаларын және швеллер шығарады. Яғни, темір-терсекті қабылдап, пеште балқытып, одан өнім дайындап, аймаққа, елімізге және көршілес Ресей, Өзбекстан, Қырғызстанға экспорттаймыз. Мұны ғимараттардың құрылыс жұмыстарына, жол құрылысына пайдаланады. Нарықта сұранысқа ие. Еліміз бойынша жалғыз зауыт. Жылына 90 тонна өнім өндіреміз, – деді зауыттың сату бөлімінің маманы Әли Токмұрзин.

Бір айта кетерлігі, өнімін ұсынған компаниялар өкілдері жұртшылықтың барлық сұрағына жауап беріп, көрменің қазанын кайнатты.

Байқау қорытындысы бойынша үш но-



минация бойынша жеңімпаздар анықталды. «Үздік азықтүлік тауарлары» аталымында елімізге сүт өнімдерімен кеңінен танымал «Нәтиже Сүт Фабрикасы» ЖШС, 40 жылдық тарихы бар, жылына 50 мың тоннаға дейін нан-тоқаш және кондитерлік өнім шығаратын кәсіпорын «Қарағанды-Нан Корпорациясы» ЖШС, сонымен қатар, 2014 жылдан бері 85-тен астам ет өнімін, оның ішінде бірнеше түрлі шұжық өнімдерін өндіретін «Меңгер Шұжық Цехы» ЖШС үздік деп танылды.

Ал, «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясында PROTEC салқындатқыш сұйықтығын шығаратын отандық өндіруші «Азия-СМ» ЖШС, теміржол саласына арналған жабдықтар шығаратын «Drive Industry» ЖШС және Yutong автоустары мен Howo маркалы арнайы техника өндіретін заманауи зауыт «QazTehna» ЖШС үздік атанды.

Одан бөлек, «Халыққа арналған үздік



тауарлар» аталымында Artel және Samsung брендтерімен теледидар мен кір жуғыш машиналар өндіретін «Silk Road Electronics» ЖШС, 90-нан астам тұрмыстық химия өнімін шығаратын «WEC Trade» ЖШС және BRILLER брендімен лак-бояу өнімдерін өндіретін «Темір-Барс Теміртау» ЖШС лауреат атанды. Аталмыш зауыт 2023 жылы 200 тонна өнім өндірсе, 2025 жылы көлемін 500 тоннаға дейін ұлғайтты.

Бұдан бөлек, Қарағанды облысы әкімінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» арнайы сыйлығына кабель өнімдері нарығының көшбасшысы, елімізде алғашқылардың бірі болып LAN және талшықты-оптикалық кабельдер өндірісін жолға қойған «KAZCENTRELECTROPROVOD» ЖШС

лайық деп танылды.

– Бұл – ерен еңбегіміз бен өнім сапасына берілген жоғары баға. Байқауға қатысып, өзімізді таныттық, тұтынушылар сеніміне ие болдық. Жоғары деңгейде өтті, – дейді «WEC Trade» ЖШС бас директоры Вячеслав Цой.

Басқа кәсіпорын өкілдері де айтулы байқаудағы жеңістің жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын айтады.

«Қазақстанның үздік тауары» байқауы Президенттің «Алтын сапа» сыйлығымен қатар, 2006 жылдан бері өткізіліп келе жатқанын атап өткен жөн. Байқау қазіргі таңда отандық өндірушілерді ішкерілетудің басты алаңдарының біріне айналып отыр. Бұған дейін қарағандылық компаниялар республикалық кезеңде бірнеше рет лауреат атанған. Олардың қатарында «REN-Milk», «Бемер Арматура», «Мэйкер», AV Group, «Каз-Метиз», Қарағанды металл бұйымдары зауыты және басқа да кәсіпорындар бар.

Көрме-байқау облыс әкімдігі мен облыстық Кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен өткенін атап айту керек. Палата директоры Ернар Күлпейісовтің мәлімдеуінше, жеңімпаздардың табысы аймақтың өнеркәсіптік және кәсіпкерлік әлеуетінің биік екенін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр.

– Көрме – өз қатысушыға бизнес әлемінде өзін таныстыруға және жаңа байланыстар орнатуға мүмкіндік беретін алаң. Бүгін жеңімпаз атанған компаниялардың республикалық деңгейде облыс әлеуетін лайықты таныстыратынына сенім мол. Ал, кәсіпкерлер палатасы өз кезегінде бизнес-климатты жақсартып, импортқа тәуелділікті азайтуға және жергілікті өндірістерді қолдауға бағытталған жұмысын жалғастыра бермек, – деді ол.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ҚАБЫЛДАУ

Бар бұйымтай бақылауға алынды

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев «Аманат» партиясының облыстық филиалы базасында өңір тұрғындарын жеке сұрақтары бойынша қабылдады. Мұндай форматтағы кездесулер тоқсан сайын ұйымдастырылып тұрады және тұрғындарға өңір басшысына өз өтініштері мен проблемаларын тікелей жеткізуге мүмкіндік береді.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жолы да қабылдауға тек қала тұрғындары емес, алыстағы ауыл-аймақтардан да азаматтар келіп, өңір басшысына жүрек түпкіріндегі мұнын, армандарын, тілегін жеткізді. Бірі баласының еміне үміт артса, енді бірі туған жерінің тіршілігін түлетуді көксейді.

Мәселен, сирек дертке шалдыққан баласы үшін анасы бұған дейін өмірлік маңызды дәріге мұқтаж екенін айтып, көмек сұраған. Өтініші жауапсыз қалмай, бұл жолы әкімге арнайы



алғысын айтуға келген.

Ал, Бұқар жырау ауданынан келген азамат жеміс өсірумен айналысады. Өзінің алма бағын баптап, енді этноауыл жобасын іске асыруды көксейді. Тек бір киындық – жер мәселесі.

Әкім оны мұқият тындап, бұл жобаның мүмкіндігін жан-жақты

зерделеуді тиісті мекемелерге тапсырды. Себебі, мұндай бастамалар – ауылдың болашағы, жастардың үміті.

Тұрғындардың кейбірі жол, су, жарық мәселесін айтса, енді бірі кәсіпкерлікті қолдауға қатысты сауалдар қойды. Әрбір өтініштің артында – жауапкершілік тұр.

Жалпы айтқанда, қабылдау барысында көтерілген барлық мәселе қолданыстағы заңнама аясында қарастырылып, көмек көрсету мүмкіндіктері зерделенетін болды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

Мәслихаттар депутаттығына шығып қалғандардың орнына кандидаттардың НАЗАРЫНА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабына сәйкес, «Сауағда Ақрағат» ЖШС сайлау алдындағы үгіт аясында барлық мәслихат депутаттығына кандидаттар өздерінің сайлау алдындағы материалдарын газетте жа-

риялай алатынын назарға алады.

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің 1 шаршы см алаңының құны ҚҚС-мен бірге 350 теңгені құрайды. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттарға газет алаңын беруге бұқаралық ақпарат құралы басшысының

атына жазылған жазбаша өтініш негіз болып табылады. Сайлау алдындағы материалдардың бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдары қаржыландыру көздері туралы ақпаратты қамтуы тиіс екенін еске саламыз.

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Қарқаралы дамуында қарқын бар

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында тұрғындар өмірін жақсартуға, инфрақұрылымды жаңартуға және туризмді дамытуға бағытталған бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Су құбыры тартылып, ауылдар сапалы ауызсумен қамтылуда. Одан бөлек, спорт кешені салынып, өрт сөндіру бөлімшесі жаңартылды. Туризмге де ерекше ден қойылып отыр. Бұл бастамалар өңірдің әлеуметтік тынысын кеңейтіп, тұрғындарға жаңа мүмкіндік ашады. «Ауданға жұмыс сапарымен келген аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысып қайтты» деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сапалы ауызсу – тұрғындар игілігіне

Қарқаралы қаласында көптен күткен ірі жоба – «Жарлы-Қарқаралы» су құбырының құрылысы толық аяқталды. Бұған дейін тұрғындар орташа пайдаланылу мерзімі елу жылға жуық ескірген ұңғымалардың суын ішіп келген еді. Жаңа магистраль осы көпжылдық түйткілді шешіп отыр. Барлығы 38 шақырым су желісі тартылып, төрт сорғы станциясы мен көлемді екі резервуар орнатылды.

Қарқаралы ауданы әкімінің міндетін атқарушы Саят Мусин құрылыс-монтаж жұмыстарының толық аяқталғанын айтты. Қазіргі уақытта су Қарқаралыға жеткен. Желілер мен резервуарлар шаю және залалсыздандырудан өтуде. Санитарлық қорытындыдан кейін нысан ресми пайдалануға беріліп, тұрғындарға сапалы ауызсу жаңа құбырлар арқылы жеткізіледі. Мамандардың айтуынша, жерасты су көзі алдағы ондаған жылға жетеді.



Ауданда тағы бірнеше ауылда су құбырларын салу және жаңғырту жобалары жүргізілуде. Жұмыстар аяқталған соң Қарқаралы ауданы ауызсумен 100 пайыз қамтамасыз етіледі.

Аймақ басшысы сапар барысында Көктас ауылында салынып жатқан дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын да көрді. Әлеуметтік маңызы зор жоба «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асуда.

Кешен ашылған соң, бұқаралық спорт қолжетімді болып, балалар мен жастар үшін қосымша секциялар ашылады. Бір мезгілде 40 адамға дейін жаттыға алатын үлкен спорт залы, бапкерлер бөлмелері, жуынатын және киім ауыстыратын орындар қарастырылған. Жаңа кешен келесі жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

Сондай-ақ, Ермағанбет Бөлекпаев күрделі жөндеуден кейін ашылған өрт сөндіру бөлімшесіне барды. Әмбебап құтқару бөлімшесі заманауи техникамен және құрал-жабдықтармен жабдықталған. Бұл төтенше жағдай-



ларға жедел әрі тиімді әрекет етуге, азаматтық қорғанысты күшейтуге мүмкіндік береді.

Құтқарушылардың міндеті тек өртпен күрес емес – алдын алу, авариялық-құтқару және іздестіру жұмыстары да олардың еншісінде.

Туризм тынысы артады

Сапар барысында туризмді дамыту мәселесі де назардан тыс қалмады. Ермағанбет Бөлекпаев «Бұғылы» рекреациялық аймағында болды. Мұнда 75 гектар аумақта заманауи туристік кешен салынады.

Қазір қажетті инженерлік коммуникациялар – су, көріз жүйесі, электр желілері мен байланыс инфрақұрылымы тартылуда. «Бұғылы» табиғи оазисі кездейсоқ таңдалмаған. Рекреациялық аймақ Қарқаралы қаласына жақын орналасқан және Ұлттық табиғи паркке ұласады.

Жоба келесі жылы аяқталып, іске қосылғанда туристер легі еселене түспек. Ал, толық іске асқанда өңірдің туризм әлеуеті артып, жергілікті тұрғындарға жаңа жұмыс орындары мен қосымша табыс көздері ашылады.

Тұрғындармен ашық кездесу

Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапары барысында аудан тұрғындарымен ашық форматта кездесу өткізді. Басқосуда инфрақұрылымды дамыту, жаңа мектептер салу, жолдарды жөндеу және мәдени мұраны сақтау мәселелері талқыланды. Кездесуге облыстық басқармалар мен аудандық, қалалық бөлімдердің басшылары қатысып, тұрғындар қойған сұрақтарға бірден жауап беруге тырысты.

Әкім атап өткендей, Қарқаралы ауданында әлеуметтік жобалар, инфрақұрылымды жаңғырту және туризмді дамыту бағытында бірқатар ірі жұмыс атқарылып жатыр. Соның ішінде «Қарағанды-Қарқаралы» автожолының жөндеу жұмыстары толық аяқталған.

– Жолдың жақсаруы өңір тұрғындарының ғана емес, туристердің де жағдайын жеңілдетті. Қарқаралының болашағы туризммен тығыз байланысты, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, ол экология мәселесіне де тоқталды. Әкімнің айтуынша, «Таза Қазақстан» бастамасы тек әкімдіктің міндеті

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Тұрғындар тілегі ескеріледі

Саран қаласында қалаішілік көлік қатынасын жақсарту мақсатында жаңа қоғамдық көлік бағыты – №5 автобус маршруты іске қосылады. Аталған жаңалықты қала әкімдігі мәлімдеді. Жаңа бағыт бірнеше ауданды қамтып, әлеуметтік маңызы зор нысандарға қолжетімділікті арттыруға бағытталған.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа маршрут Саран қаласының тұрғындарына бұрынғыдан да ыңғайлы жағдай жасауға бағытталған. №5 бағыт Нахаловка – Чкалов – Раиса – №1 мектеп – Мәдениет үйі (ДК) – Поликлиника – №17 мектеп – Хуторок – СМЗ – Солтүстік түйік көше – Қазақтелеком – 1А 23 – 1А 14 – 1А 6 – Стелла – №6 мектеп аялдамалары бойынша қатынайды.

Осылайша, жаңа бағыт Нахаловка, жекеменшік тұрғын үй құрылысы орналасқан аудан (самозастройка) және 1А шағын аудандарын өзара байланыстырады. Сонымен қатар, осы маршрут арқылы қала тұрғындары мектептерге, емханаға, мәдениет үйіне және басқа да әлеуметтік нысандарға еш қиындықсыз тікелей қатынай алады.

Қала әкімдігі жаңа бағытты енгізбес бұрын тұрғындардың пікірін ескеру қажеттігін алға тартады. Осыған байланысты, барлық қала тұрғындарына ұсынылатын сауалнама ұйымдастырылып отыр. «Әкімдік ұсынған жаңа маршрут сіз үшін қаншалықты ыңғайлы? Бағытты жақсарту үшін қандай ұсыныс-тілегіңіз немесе ескертуіңіз бар?», – деген сұрақтарға

жауап күтеді.

Кез келген тұрғын өз ойын ашық білдіре алады. Бұл үшін арнайы ашылған әлеуметтік желідегі жазба астына пікір қалдырса, жеткілікті.

Қала әкімдігі барлық ұсыныстарды сараптап, ең тиімді нұсқаларды ескеруге уәде беріп отыр. Мұндағы басты мақсат – қоғамдық көлікті барынша сұранысқа ие, қолайлы және заманауи талаптарға сай ету.

Қалалық әкімдіктің хабарлауынша, №5 автобус 1 қазаннан бастап, сынақ режимінде (тесттік тәртіпте) жолға шығады. Осы уақыт аралығында маршруттың тиімділігі мен қажеттілігі бағаланбақ. Жолашылар ағыны, аялдамалардағы жүктеме және тұрғындардың кері байланысы негізінде маршрутқа қосымша түзетулер енгізілуі мүмкін.

– Бұл бағыт ашылса, тұрғындардың жүгі жеңілдер еді. Өйткені, жұмысқа барып келуге ыңғайлы. Қаламыз дамып келеді. Игі істер жалғасын тапса екен, – дейді қала тұрғыны Тимур Оралов.

САРАН

бағыттағы қайта жаңғырту жұмыстары «ҚазАвтоЖол» компаниясымен бірлесе отырып, келесі жылы басталатынын хабарлады.

Электрмен қамту, тарифтер және коммуналдық жүйелердің жұмысы да талқыланды. Қарқаралыдағы бірқатар үйлердің жер төлесін жер асты сулары басып кететіні айтылды. Осыған байланысты, аймақ басшысы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына жобаны қайта тексеруді, қала әкіміне мәселені шешуді тапсырды.

Білім ошақтары жаңғыртылуда

Биыл ауданда сегіз мектепке ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізілген. Ынтылы ауылындағы №3 және Егіндібұлақ ауылындағы №5 мектептер «Мектептерді жаңғырту» бағдарламасы аясында күрделі жөндеуден өтуде. Егіндібұлақ мектебіндегі жұмыстардың жақын арада аяқталуы тиіс екенін айтқан Ермағанбет Бөлекпаев бұл нысанды ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

2026 жылы осы бағдарлама бойынша Ынтылы, Жарлы және Бүркітті ауылдарындағы тағы үш мектеп жөнделеді. Сонымен қатар, Матақ, Аппаз және Томар ауылдарындағы білім ошақтарын да бағдарламаға қосу қажеттігі атап өтілді.

Тұрғындар жылумен қамту тақырыбын да көтерді, соның ішінде мектептерге жеткізілетін көмірдің сапасына қатысты сын айтылды. Облыс әкімі бұл мәселеді қатаң бақылауға алуды тапсырып, әлеуметтік нысандарды уақытылы жылумен қамтамасыз етпегендерге шара қолданылатынын ескертті.

– Біз бірден нәтиже болады деп уәде етпейміз. Бірақ, нақты міндеттер қойылды. Алдымен ірі елдімекендерден бастаймыз, кейін басқаларына көшеміз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Кездесу соңында облыс әкімі тұрғындарға белсенділігі үшін алғысын білдіріп, көтерілген барлық ұсыныс пен ескертудің бақылауда болатынын айтты.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Өндеу өнеркәсібі өрге басады

Бұл күні мемлекет жана векторға бет бұрды. Яғни, шикізаттың шылауынан шығып, өндеу өнеркәсібін өрістетуге күш салуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауында экономиканы әртараптандырудың басты тетігі инвестицияны өндеу саласына бұру екенін нақты атап көрсетті. Өйткені, жаһандық нарықтағы шынайы табыс қосылған құны жоғары өнім өндіруден келмек. Ендігі міндет – осы бағытты нақты іспен бекіту...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өркениетке – өндеу өнеркәсібімен

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық реформалар аясында инвестициялық саясаттың жаңа бағытын нақты атап өтті. Мемлекет басшысы елге инвестиция тарту ісінде батыл қадамдар қажет екенін де айтты. Қазір жаһандық деңгейде қаржы үшін бәсеке күшейіп отырған шақта, Қазақстан да атаулы алаңда өз орнын нықтауы тиіс. Алайда, Мемлекет басшысы қазіргі инвестиция тарту жүйесіне көңілі толмайтынын ашық білдірді. Себебі, негізгі капиталдың басым бөлігі бұрынғыдай шикізат секторына бағытталып отыр. Басты басымдық өндеу өнеркәсібіне берілуі тиіс екенін ескертті. Ел басшысының айтуынша, инвестиция тек табиғи байлыққа емес, жаңа технологиялар мен өндірісті жаңғыртуға бағытталуы керек. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы жеке бизнес бастамалары мен мемлекеттің инвестициялық жобалары бірдей деңгейде қолдауға ие болуы қажет екенін қадап айтты. – Бірақ, қазір алдымызда тұрған міндет – басқа. Бұл – өндеу саласына көбірек қаражат тарту. Сондықтан, Үкімет инвестиция саясатына басқаша көзқараспен қарауы керек. Қажет болса, жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беруге болады. Сондай-ақ, мемлекеттің инвестициясы мен жеке бизнестің ірі бастамаларына бірдей назар аудару қажет, – деді Президент.

Зер салсақ, жыл басынан бері Қазақстанның өндеу өнеркәсібі 8,7 пайыз өсім көрсетіп, экономиканың басты қозғаушы күшіне айналды. Ресми мәліметтерге сүйенсек, өндеу өнеркәсібі тұрақты оң қарқын сақтап отыр. Мәселен, биылғы жылдың алғашқы үш айында машина жасау – 17,7%-ға, тамақ өндірісі – 13,2%-ға, металл бұйымдары өндірісі – 28,7%-ға артқан. Ал, тау-кен өнеркәсібіндегі өсім де айтарлықтай – 6,1%.

...Үлгісіз тұрмас уақыт талабы өзгерді. Енді ел дамуы тек табиғи байлықтың табысымен емес, өңделген өнімнің өрісімен өлшенбек. Қарапайым шикізатты кешенді өндіріс пен жоғары технологияға айналдыру республиканың жаңа экономикалық болмысына айналмақ. Өндірістік өңір үлгілі үдерістің алдыңғы шебінде. Жаңа комбинаттар, қайта өндеу желілері, экспортқа бағытталған өнімдер – мұның бәрі өндеу өнеркәсібінің өркендеу дәуірінің басталғанын айғақтайды. Түптеп келгенде, инвестиция – экономикаға салынған сенім. Сол сенсеуізі сенімді шикізат емес, шынайы өніммен ақтайтын кезең келді. Өйткені, өркеніетті ел – өндіретін ел. Ал, өндірісі қуатты ел – тәуелсіздігі баянды ел.

Логистика мен әлеует

Қарағанды өңірі – еліміздің индустриялық тіректерінің бірі. Статистика – соның бұлтартпас дәлелі. Аймақтың жалпы өңірлік өнім құрылымында өнеркәсіптің үлесі – 46,8%. Бұл – облыс эко-



Қолжазба жасаған Шынар Аманжол

номикасының жартысына жуығы тікелей өндіріс саласына тиесілі деген сөз. Соның ішінде, өндеу өнеркәсібі – 34,5% үлеспен көш бастап тұр. Ал, тау-кен өндіру секторы – 9,1%, электрмен жабдықтау, газ және бу беру – 2,5%, сумен жабдықтау мен көріз жүйесі – 0,7% үлеске ие. Облыстың индустриялық бейнесін 100-ден астам кәсіпорын айқындап тұр. Бұлардың қатарында кен өндіруші алпауыттар да, жоғары технологиялы өндеуші кәсіпорындар да бар. Мұндай алуан түрлі өндіріс құрылымы – экономиканың тұрақты дамуының іргетасы.

Импортты алмастыру, индустриялық-инновациялық бағдарламалар, салықтық жеңілдіктер мен мемлекеттік преференциялар – мұның бәрі өндеу өнеркәсібін өрге сүйреген нақты теңгерімді тетіктер. Жекелеген салаларды қалпына келтіріп қана қоймай, жаңа өндірістердің негізі қаланды. Қабылданған шаралардың арқасында өңірде өнім көлемі тұрақты өсіп келеді. Экономиканың нақты секторындағы оны серпіліс – жұмыс орындары, жаңа технологиялар, экспорттық әлеует және, ең бастысы, халықтың өмір сүру сапасының артуы деген сөз.

Байыптай бақсақ, келешек – нақты қадамда екен. Қарағандының өндірістік өрісі жылдан жылға кеңейіп келеді. Индустрия мен инфрақұрылым қатар дамыған өңірдің әлеуеті – елдің болашағына салынған инвестиция. Өндеу өнеркәсібінің өркендеуі – тек экономикалық көрсеткіш емес, жаңа заманға лайықты кадам, отандық өнімнің сапасына сенім және жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттіліктің кепілі. Мемлекет қолдауы, кәсіпкер жігері, халықтың еңбегі тоғысқанда ғана өңір дамуы баянды болмақ. Қарағанды осы үрдісті дөңселеп келеді. Ендігі меже – осы қарқынды жоғалтпай, өндірісте де, өмірде де жаңа белестерге жету. Себебі, ел күші – еңбек еткен жерде.

Ұлттық өнім – жаһандық нарыққа

Арқа атырабындағы Абай ауданында ауыл шаруашылығы мен қайта өндеу саласын жаңа деңгейге көтеретін ауқымды жоба жүзеге асырылуда. Жылына 2100 тоннаға дейін шикізат өндеуге қауқарлы, заманауи ет комбинатының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жоталы жоба ауылдық аймақтың әлеуметтік-экономикалық тынысын жаңғыртатын бастама. Комбинаттың құрылысымен «Alisha Group» компаниясы қолға алып отыр. Жоба аясында ет сою, өндеу және консервілеу цехтары толықтай қамтылады. Жуық арада негізгі жабдықтар жеткізіліп, іске қосу жұмыстары басталмақ. Алғашқы кезеңде 20 тұрақты жұмыс орны ашылады. Болашақта өндіріс ауқымы ұлғайып, жұмысшылар штаты да кеңеймек. Жоба бастамашысы Рустам Қалиевтің айтуынша, кәсіпорын күніне 300 бас ұсақ мал мен 50 бас ірі қара етін өндеуге дайын.

– Біздің өнімдеріміз – салқындалатын және мұздатылған ет, консервіленген ет тағамдары, вакуумдық және термокаптамадағы тағам түрлері. Сонымен қатар, тұтынушылар үшін даяр ет өнімдерін ұсынудың жаңа формат-

тарын енгізуді жоспарлап отырмыз. Барлық өндірістік процесс халал стандарттарға, сондай-ақ, халықаралық тағам қауіпсіздігі талаптарына толық сәйкес жүргізіледі, – дейді кәсіпкер.

Комбинат Қазақстанмен қатар, өнімдерін Парсы шығанағы елдеріне, Қытай, Түркия және Еуропа нарығына экспорттауды көздеп отыр. Шикізат жергілік-

аумағында жаңа өндіріс орындары бой көтеріп, бұрыннан жұмыс істеп тұрған зауыттар толық жаңғыртудан өтіп жатыр. Бұл – инвестицияның нақты нәтижесі. Жыл басынан бері ауданға 25 миллиард теңгеден астам қаражат тартылған, оның 90 пайызы – жекеменшік инвестиция.


Жаңадан ашылған кәсіпорындар жұмыс орындарын көбейтіп,

Республикадағы жалпы салалық көрсеткіштер

(салыстырмалы негізде)

	Өндеу өнеркәсібінің өсімі	8,7%
	Машина жасау өсімі	17,7%
	Тамақ өндірісі өсімі	13,2%
	Металл бұйымдары өндірісі	28,7%
	Тау-кен өнеркәсібі өсімі	6,1%

Облыс бойынша өнеркәсіп үлесі



1. Өндеу өнеркәсібі
2. Тау-кен секторы үлесі
3. Электр, газ, бу
4. Су, көріз жүйесі

Инфографикаға жасаған Айбек Рахымжан

ті фермерлерден басып алынбақ. Кәсіпорын болашақта мал бордақылау мен өсіруді де өз қарамағына алмақ. Комбинаттың Абай ауданында салынуы кездейсоқ емес. Аймақ логистикалық тұрғыдан тиімді әрі ауыл шаруашылығы әлеуеті жоғары өңірлердің қатарында. Жоба өңір экономикасына серпін беріп қана қоймай, ауыл тұрғындарына тұрақты табыс көзі болмақ. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та ет комбинатының құрылысымен танысты.

– Мұндай кәсіпорындар жұмыс орындарын ашып қана қоймай, сол жерде қосымша құнды қамтамасыз етіп, ауыл экономикасын нығайтып, өңірді инвесторлар үшін тартымды етеді. Қарағанды облысы аграрлық өндеу саласын дамыту үшін барлық ресурстарға ие, – деп атап өтті өңір басшысы.

Иә, Абай ауданындағы ет өндеу комбинаты – ауыл тіршілігін түлетіп, өңір экономикасына жаңа дем беретін стратегиялық игілікті бастама. Алғашқы іргетасы қаланып жатқанымен, жобаның келешегі кең. Ендігі күндерде алыс ауылдан шыққан мал еті шекара асып, әлемдік тұтынушылардың дастарқанына жол тартпақ. Бүгін іргетасы қаланған кешен – ертеңгі индустрияландырылған ауылдың бет-бейнесі.

Шағын бизнес, үлкен мүмкіндік

Қарағанды облысының жүрегі саналатын Бұқар жырау ауданы – енді тек ауыл шаруашылығымен ғана емес, өнеркәсіп саласындағы қарқынды дамумен де алдыңғы қатарға шықты. Аудан билығы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша өндіріс көлемін 70 пайызға жуық арттырып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Серпін кездейсоқ емес. «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың белсенділігі артып, жаңа жобалар іске қосыла бастады. Бүгінгі таңда мұнда бұрыннан бар өндіріс ошақтарына қосымша бес жаңа жоба жүзеге асырылып жатыр. Аудан

ауданның салық базасын ұлғайтуда. Бұқар жырау ауданы бүгінде өндіріс пен технологияны ауылмен ұштастырып отырған ерекше аймаққа айналып келеді. Бұрынғы шойын үнінен бөлек, бүгінгі өндіріс жоғары технология, автоматтандыру және экспорттық әлеуетпен өлшеніп отыр.

– Қазіргі таңда ауданда 3 500-ден астам шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Қызмет көрсету, өнеркәсіп, агросектор, тіпті, IT-технология салалары қарқынды дамып келеді. Бұл мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың нәтижесі. Мысалы, «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша биыл 30 жеңілдетілген несие берілді. Тағы алты жоба кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы аясында қаржыландырылды, – дейді Бұқар жырау ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Любовь Лузикова.

Мемлекеттік қолдаудың нақты нәтижелері өңірдің экономикалық дамуына тың серпін беріп отыр. Аудандағы өндірістің негізгі тірегі – «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы. Мұнда өндеуші өнеркәсіптің әртүрлі бағыты бойынша ірі жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Солардың бірі – 2020 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан резеңке және металл-резеңке футеровка шығаратын зауыт. Кәсіпорын тау-кен өндірісі үшін маңызды өнімдерді өндіреді. Айта кету керек, зауыттың өніміне еліміздің өз ішінде де, шетел нарығында да жоғары сұраныс бар. Кәсіпорын заманауи құрал-жабдықтармен толық жарақтандырылған. Атап айтқанда, мұнда Қазақстанда баламасы жоқ, автоматтандырылған жапондық токарлық станок орнатылған. Қазіргі таңда зауыт өндіріс ауқымын кеңейтіп, өнім түрлерін көбейтіп отыр.

– Қазір кеңею үстіндеміз. Болт шығаратын жаңа цехтың құрылысын бастадық. Қолданыстағы механикалық қол жұмыс істеп тұр. Құю зауытының іргетасын салу жұмыстары басталып кетті. Жобаны кезең-кезеңімен

далы қазбалар құрамын терең зерттеп, сараптама жасайтын жоғары технологиялық базаға айналмақ. Жалпы, «Сарыарқа» АЭА бүгінде тек инвестициялық тартымдылықтың емес, сонымен қатар, өндірістік серпілістің жаңа орталығына айналып келеді.

Темірқазық

Қош делік, Мемлекет басшысы жүктеген міндет – өндеу өнеркәсібін өркендетіп, тікелей инвестиция тартуды жүйелі жолға қою – бүгінгі күні нақты іске айналып келеді. Бұл бағытта қасиетті Қарағанды өлкесі көштің алдына түсті. Қайсар мінезді кеншілердің, темірдей тәртіппен жұмыс істейтін өндіріс майталмандарының ерен еңбегімен арқасүйер аймақ ел индустриясының жүрегіне айналуда. Жоғарыда тілге тиек еткен кәсіпорындар – облыстың өндірістік қуатының тек оннан бірі ғана. Алайда, теңіздің дәмі тамшысынан білінеді. Мақсатымыз – өңірде тасы өрге домалап тұрған даму үдерісін егжей-тегжейлі баяндау емес, жаңғырып келе жатқан Қарағандының әлеуетіне үміт пен сенім ұялату, оқырманға серпінді болашақтың лебін сезіндіру. Себебі, кеншіті де өрісті Қарағандының бүгінгі қарқыны – ертеңгі экономикалық өрлеудің бастамасы ғана.

Алдағы меже – бұдан да ауқымды, бұдан да биік. Жаңа өндірістер, цифрлы технологиялар, жасанды интеллект элементтерімен жабдықталған зертханалар, экспортқа бағытталған өнімдер – мұның бәрі Қарағандыны тек Қазақстанның ғана емес, мұқым Орталық Азияның индустриялық тірегіне айналдыруға жетелейді. Қазірдің өзінде өркенді өлке – инвесторлар үшін сенімді аймақ, жұмыс іздегендер үшін табыстың мекені, ал, мемлекеттің өзі үшін – ұлттық өндіріс қуатының басты артериясы. Иә, Қарағанды үнсіз емес. Қарағанды дамып жатыр. Облыс тыңнан түрен салуда. Қарышты Қарағанды алға ұмтылып келеді. Ал, ұдайы ұмтылыс, шын мәнінде, біртұтас елдің өркендеуге бет алған бағытымен үндес!



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Мұғалім мәртебесі маңызды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық тамыз конференциясында мұғалімнің еңбегін өз дәрежесінде бағалау қажеттігін айтып, ұстаз мәртебесін арттыру жолында нақты қадамдарға бару керектігін ескерткен еді. Осыған орай, Қазақстан Халық партиясы білім беру саласындағы көкейтесті мәселелерді ашық талқылау мақсатында «Мұғалім мәртебесін көтеру – білімді көтеру» атты партиялық жобасын жүзеге асырып келеді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Халық партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Халел Мақсұтов жүргізген жиында педагогтер, білім саласының ардагерлері, қоғам белсенділері мен жас мамандар қатысты.

Аталған шарада педагог мәртебесін көтеру, нығайту және оған қол жеткізудің тиімді тетіктері, мұғалімдерді білім мен тәрбие берумен басқа артық жұмыстардан арылтудың нақты механизмдері, педагогтердің әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін жақсарту, қоғамда мұғалімнің еңбегінің лайықты бағалануы сынды мәселелер күн тәртібінде қаралды.

– Ұстаз – білім берумен қатар, ұлтты тәрбиелейтін ұлағаты тұлға. Бүгін өзекті мәселелердің шешімін табудың жолдарын қарастыруға жиналды. Барлық ұсыныстар хаттамаға түсіріліп, партиямыз арқылы тиісті мемлекеттік мекемелерге жолданады, – деді Халел Мақсұтов.

Сонымен қатар, ауыл мектептерінің жайы, ұлттық тәрбие, зиянамалық реформалар, және мектеп директорларын тағайындау жүйесі секілді түйткілді мәселелер де талқыланды.

– Ауылдық мектептерде сағат саны қысқаруы мұғалімдердің табысын азайтып, қалаға көшуге итермелеуде. Ауылда білікті ұстаз қалмаса, ауыл баласының тағдыры не болмақ? – дейді облыстық білім басқармасы жанындағы Ардагерлер кеңесінің мүшесі Сәбит Қонтаев.

Оның айтуынша, ауыл баласы құндылыққа негізделген тәрбие арқылы туған жерінің проблемасын түсініп, оны өзгертуге ұмтылатын тұлға ретінде тәрбиеленуі маңызды.

Дөңгелек үстел барысында білім мен тәрбиенің үндестігі де кеңінен сөз болды. Әр пән өмірмен сабақтас болуы керектігі, өмірдің бір көрініс ретінде оқытулы қажеттігі аталды.

Ардагер ұстаз, білікті басшы Аманжол Нұрбеков:

– Тойханада жүрген оқушыдан қандай маман шығады? Дәрігер ме, мұғалім бе? Мұғалім мәртебесінің төмендігінің себебін іздеуді осыдан бастау керек, – деді.

Бұдан бөлек, жиында мектептің дамуы басшысына тікелей байланысты екені де айтылды.

– Мектеп директоры әкімшілік жұмыспен қатар, қаржы, тәрбие, кадр мәселесін де шешуі тиіс. Басшы ғана емес, менеджер де бола білуі қажет. Сондықтан, директорларды кәсіби біліктілікпен таңдау керек, – деді Қарағандыдағы «Samga High School» мектебінің директоры Жақсылық Әлішер.

Дөңгелек үстел қорытындысы ретінде ауыл мұғалімдеріне нақты сағаттық жүктеме бөлу, тәрбиені отбасы мен мектепке теңдей жүктеу, ұлттық тәрбие мен қазақи құндылықтарды білімге кіріктіру, мектеп директорларын іріктеу жүйесін жаңғырту сынды ұсыныс-пікірлер хаттамаға енгізілді.

Балқаш: табиғат пен туризмнің теңгерімі

Көгілдір көлдің жағасында орналасқан Балқаш бүгінде жай ғана өнеркәсіптік қала емес, еліміздегі туризмнің жаңа орталығына айналып келеді. Көркем табиғат пен тарихи-мәдени әлеуетті үйлестіре білген өңір туристердің назарын барған сайын өзіне көбірек аударып отыр. Соңғы жылдары атқарылған ауқымды жұмыстардың нәтижесінде Балқаш аймағы демалыс пен саяхаттың жаңа мекеніне айналып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында: «Мен шілде айында туристік жерлердің барлығын ретке келтіру туралы тапсырма бердім. Бұл жұмыс менің жеке бақылауымда. Жұрт жиі баратын демалыс орындарынан бөлек, болашағы зор басқа да бағыттардың әлеуетін арттыру маңызды», – деді. Сонымен қатар, шетелдерден туристер тарту басты назарға алынатындығын атады. Осы орайда Балқашта туристерге қолайлы жағдай жасау мақсатында инфрақұрылымды жақсарту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Туризм тамырына қан жүгірді

Су мен құмның, көкпен астақан көлі мен шөлейт даланың тоғысқан тұсында орналасқан Балқаш өңірі қазір бір ғана жазғы маусымда мыңдаған отандық және шетелдік туристерді қабылдауда. 2024 жылдың қорытындысына сүйенсек, Балқаш өңірінде туризм саласы айтарлықтай серпіні алып, барлық көрсеткіштер бойынша өсу қарқыны байқалған.

Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаевтың мәліметінше, 2024 жылы өңірде туристерді орналастырумен айналысатын нысандардың саны 96-ға жетіп, бір жыл ішінде 19 нысанға артқан. Бұл – саланың дамуында нақты ілгерілеу бар екенін көрсететін айғақты дерек. Қонақ үйлер мен демалыс базаларындағы бөлмелер саны 2 141-ге жетсе, бір жолғы сыйымдылық 5 968 төсек-орынға дейін ұлғайған. Бұл көрсеткіштер 2023 жылмен салыстырғанда тиісінше 38% және 42% өсімді көрсетіп отыр.

Жайлы жағажай, сапалы сервис, көрікті көрінісі туристердің Балқашқа деген қызығушылығын арттыра түсуде. Биылғы жылдың өзінде 135 мыңнан астам қонақ Балқаштың баурайына табан тіреген. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 28 пайызға артық көрсеткіш. Демек, жыл сайын Балқашқа асығатын жандардың қатары көбейіп келеді.

Сапалы қызмет көрсету, әрта-

раптандырылған туристік өнімдер мен инфрақұрылымның жақсаруы нәтижесінде сала табысы да еселеп артып отыр. 2024 жылы туризмнен түскен табыс көлемі 2,4 миллиард теңгеге жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 71 пайызға көбейген. Бұл көрсеткіш өңір экономикасының дамуында туризмнің үлесі артқанын білдіреді.

Инвестиция – алдағы күннің кепілі

Кез келген саланың тірегі – тұрақты инвестиция. Бұл бағытта да Балқаш қарқынды даму үстінде. 2024 жылы құны 350 миллион теңге болатын үш демалыс аймағы іске қосылып, туризм инфрақұрылымын нығайтуға бағытталған нақты жобалар жүзеге асты.

2025 жылдың алғашқы айларынан бастап тағы екі демалыс аймағы мен бір қонақүй пайдалануға беріліп, бұл нысандарға 900 миллион теңге көлемінде инвестиция тартылды. Ал, жыл соңына дейін жалпы құны 1,5 миллиард теңге болатын үш туристік нысанның құрылысы аяқталмақ.

Сонымен қатар, мемлекеттік қолдаудың арқасында 703 миллион теңге көлемінде несие бөлініп, бес бірдей жоба қаржыландырылды. Бұл көрсеткіштер туризмнің бизнес қауымдастық үшін де тартымды салаға айналғанын дәлелдейді.

Жаңғыру – жарқын болашақтың бастауы

Туристерге қолайлы жағдай жасау мақсатында қалада және оның маңындағы елдімекендерде ин-



Коллекция жасаған Арайлым Котгачева

фрақұрылымды жаңарту жұмыстары да қызу жүріп жатыр. 2023 жылдан бастап Балқаштың жағалауы мен қалалық жағажайда қайта жаңғырту жұмыстары басталған. Жоба бірнеше кезеңнен тұрады. Қазіргі таңда бірінші кезеңнің (құны – 101 млн теңге) жұмыстары жалғасуда. Ол 2025 жылдың қыркүйегінде аяқталған деп жоспарланса, екінші кезең (103,7 млн теңге) биылғы жылдың соңына дейін аяқталмақ.

Туризмнің тұрақты дамуы тек демалыс орындары мен жол-көлік жүйесіне ғана емес, коммуналдық инфрақұрылымға да тікелей байланысты. Осы орайда Балқаш қаласынан Торанғалық ауылына дейін созылатын 28,9 шақырымдық магистралды су құбырының құрылысы басталды. Жобаға республикалық бюджеттен 700 млн теңге бөлінген. Бұл – тек туристер үшін емес, жергілікті тұрғындардың өмір сапасын

арттыратын маңызды бастама.

Сондай-ақ, Балқаш қаласы әуедан бастап Балқаштың жағалауы мен қалалық жағажайда қайта жаңғырту жұмыстары басталған. Жоба бірнеше кезеңнен тұрады. Қазіргі таңда бірінші кезеңнің (құны – 101 млн теңге) жұмыстары жалғасуда. Ол 2025 жылдың қыркүйегінде аяқталған деп жоспарланса, екінші кезең (103,7 млн теңге) биылғы жылдың соңына дейін аяқталмақ.

Туризмнің тұрақты дамуы тек демалыс орындары мен жол-көлік жүйесіне ғана емес, коммуналдық инфрақұрылымға да тікелей байланысты. Осы орайда Балқаш қаласынан Торанғалық ауылына дейін созылатын 28,9 шақырымдық магистралды су құбырының құрылысы басталды. Жобаға республикалық бюджеттен 700 млн теңге бөлінген. Бұл – тек туристер үшін емес, жергілікті тұрғындардың өмір сапасын

Президент Жолдауы – нақты іске негіз

Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді ұлттық экономиканың драйверлерінің бірі ретінде атап өтті. Президент инфрақұрылымды дамыту, сервис сапасын көтеру, ішкі

туризмді қолдау және өңірлік әуе қатынастарын жандандыру қажеттігін нақты тапсырды. Мемлекет басшысының осы тапсырмалары Балқаш өңірінде жүйелі жүзеге асып жатыр. Қауіпсіздік пен тазалық мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ. Бүгінде Балқаш қаласы мен Торанғалық және Шұбартүбек ауылдарында құтқарушылар, учаскелік полиция инспекторлары, төтенше жағдайлар қызметі және жедел медициналық көмек бригадаларының тұрақты кезекшілігі ұйымдастырылған. Биылғы жылы 20-21 маусым күндері өткен «Балқаш Tourfest – 2025» халықаралық фестивалі – өңірдің туристік әлеуетін айқын көрсеткен айтулы шара болды. Екі күнге созылған думанды кешке 50 мыңнан астам адам қатысып, Балқаштың керемет көркі мен мәдени көптүрлілігіне тағы бір мәрте көз жеткізді. Ал, 4-7

шілде аралығында өңірге келген туристер саны 60 мыңнан асып, бұл өткен жылмен салыстырғанда 20 пайызға жоғары көрсеткішті құрады.

Айта кетейік, көл жағасындағы бұл көркем өлке бүгінде тыныш мекеннен туризмнің жаңа тынысын ашқан, инфрақұрылымы дамыған, инвестицияға тартымды аймаққа айналып келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған жүйелі шаралар нақты нәтижесін беріп отыр. Туристер саны артып, көрсетілетін қызмет ауқымы кеңейген. Бұл – тек бастамасы ғана. Алда Балқаштың жаһандық туристік брендке айналуына да толық негіз бар. Өйткені, табиғат берген көркемдік пен адам еңбегі үйлескен жерде даму да, табыс та қатар жүреді.

БАЛҚАШ

ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК

Апатты жағдайлар азайды

Балқаш қаласында инженерлік инфрақұрылымды жаңарту мен абаттандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Әсіресе, жылу беру маусымына дайындық – басты назарда. Соңғы екі жылда қалада 32 шақырымға жуық жылу құбырлары жаңартылды. Оның 25 шақырымы 2024 жылы ауыстырылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жылу желілерінің тозу көрсеткіші 75 пайыздан 65 пайызға дейін төмендеген. Бұл туралы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Нұрболат Бөлеген мен «Балқаш Жылу» ЖШС директоры Мақсат Нұрмағанбетов мәлімдеді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Биылғы жылы да құбырларды ауыстыру жұмыстары жалғасын тапты. 24 шақырым жылу желісін жаңарту көзделсе, бүгінгі таңда құбырлар толық ауыстырылған. Жаңартылған құбырлар оң нәтиже беріп, апаттық жағдайлардың саны айтарлықтай азайды. 2023-2024 жылғы жылыту маусымында қалада 110 апаттық жағдай тіркелсе, 2024-2025 жылғы жылу маусымында бұл көрсеткіш әлдеқайда төмендеді. Атап айтқанда, жылу маусымында 72-сі кварталішілік, ал, 6 жағдай магистралдық желілерде орын алды, – деді «Балқаш Жылу» ЖШС директоры Мақсат Нұрмағанбетов.

Спикерлердің айтуынша, бүгінде қаладағы әлеуметтік нысандардың 100 пайызы, ал, тұрғын үйлердің 85 пайызы жылыту маусымына дайын. Саяқ кентінде екі қазандық толық жөндеуден өткізіліп, жұмысқа дайын тұр. Үшінші қазандықтағы жөндеу жұмыстары да аяқталуға жақын. Жылу тарифі мәселесіне де тоқталған мамандар жаңа маусымда бағаның көтерілмейтінін айтты. Көктемде жылу орталығының бастамасымен тариф бір рет көтерілген болатын, алайда, қазіргі таңда тариф қайтадан өспейді деп сендірді.

– Қазіргі таңда жылу орталығы 135 мегаватт жылу береді. Бұл – Балқаш қаласы мен Қоңырат шағын ауданы үшін жеткілікті көлем, – деді тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар

көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Нұрболат Бөлеген.

Мекеме басшысының мәліметінше, 580 шаршы метр аумақта жылу құбырларын қаптау жұмыстары жүргізілген. Сорғы станцияларында жөндеу аяқталып, магистралдық желілерге қысым беру арқылы тексеру жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстардан кейін құбырларды шаю кезеңі басталады. 3 қазанда әлеуметтік нысандарға, 10 қазанда тұрғын үйлерге жылу беріледі. Қала алдағы қысты сенімді қарсы алуға толық әзір.

БАЛҚАШ

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Туризмді түлетуге оң қадам

Облыста Бектау ата шатқалына апаратын жолға жөндеу жұмыстары басталды. Бұл бағыт – туристерді тартатын Орталық Қазақстанның ерекше мекені. Жолдың жақсаруы табиғаттың тамаша қойнауына баруды жеңілдетіп қана қоймай, аймақтың туризм әлеуетін де еселейтін қадам. Жөндеу жұмыстарына қаражат облыстық бюджеттен бөлінді. Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Граниттен жаралған, жанартаулық тектегі Бектау ата – ғасырлар сырын сақтаған алып массив. Мұнда «Жас Қанат» балаларды сауықтыру лагері орналасқан. Бұған дейін лагерьге жету қиындық тудырса, жөндеу жұмыстары аяқталған соң, балаларды жеткізу жеңіл болатыны анық.

Мердігер ұйымның директоры Маратхан Жұмалиев жөндеу жұмыстары үш жылға жоспарланғанын айтады.

– Биыл алғашқы екі шақырымын асфальттап үлгереміз. Жұмыстар қазан

айының соңында аяқталады, – дейді ол.

Жолдың бойы да жанарады. «Алматы-Екатеринбург» тасжолынан шатқалға бұрылар тұста инвесторларға кооперацияланды кешендер салуға алты жер телімі берілген. Базар да, кафе де, супермаркет те, жанармай бекеті мен техникалық қызмет көрсету орталығы да, автожуу нысандары да көзделген. Қазіргі сәттің өзінде кейбір нысандардың құрылысы қызу жүріп жатыр.

Сурет облыс әкімдігінен

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Инклюзивті кабинет ашылды

Нұра ауданының орталығындағы, Ы.Алтынсарин есімін иеленген тірек мектебінде жаңа оқу жылымен бірге инклюзивті (баланың ерекшеліктеріне қарамастан жалпы білім беретін ортада оқытуға мүмкіндік жасайтын жүйе) білім беруді қолдау кабинеті салтанатты жағдайда ашылды.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Инклюзивті білім беруді қолдауға арналған жаңа кабинет жалпы оқыту мен дербес білім беруде төрт белдеуді: сенсорлық түзету кеңістігін, дидактикалық лабиринттерді, ұсақ моторикаларды дамытуға арналған модульдарды, құммен көмкерілген жарық түсетін үстелді, тактильді ұяшықтарды қамтиды. Мұғалімге арналған белдеу моноблокпен, принтермен жабдықталған. Инклюзивті білім беруді қолдау кабинетінде логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, педагог-психолог мамандар жұмыс істейді.

Инклюзивті білім беруді қолдау кабинеті – мектептің материалдық-техникалық базасын кеңейтіп қою ғана емес, ең алдымен әр балаға қамқорлық

жасау, ізгілік көрсету, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік беру. Бұл жерде балалар мамандардың көмегіне, педагогтардың қолдауы мен ықыласына сүйеніп өз бойларындағы қабілетті аша алады. Инклюзивті білім беру – әр баланың сапалы білім алуына, құрметке бөленуіне, түсіністік табуына апаратын жол.

Инклюзивті білім беру кабинеті әр баланы жылылық пен сенімділікке, кәсіби қамқорлыққа бөлеп, ата-аналардың, педагогтар мен мамандардың біріккен еңбегінің нәтижесінде олардың бойына сенімділік нәрін құйып, болашағына жарқын жол ашады деген зор үміт бар.

Нұра ауданы

Сурет Нұра ауданы әкімдігінің сайтынан

• ТАҒЫЗЫМ

«Қабыкей мектебі» қайта жаңғырды

Ақтоғай ауданындағы Шабанбай би ауылдық округінің аумағында білім саласының тарихынан сыр шертетін, ұстаздық ұлағат пен рухани тағылымды дәріптейтін ерекше ескерткіш бой көтерді. Бұл – ел ішінде «Қабыкейдің мектебі» немесе «Қабыкейдің ақ школы» деген атпен белгілі болған білім ордасының маңдайшасына орнатылған стела.

Нұрлос КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ұстаз деген ұлы есімді иеленіп, жас ұрпаққа жол сілтеген ардақты азамат Қабыкей Баймағанбетовтің ұстаздық қызметінің басталғанына 100 жыл, ал ол ашқан бастауыш мектеп ғимаратына 90 жыл толуына орай орнатылған бұл белгі – кейінгі ұрпақтың өткенге деген тағзымы, рухани сабақтастықтың көрінісі.

Қабыкей Баймағанбетовтің шәкірттері Баймұрат Құрмашұлы мен Тельман Қойшанұлы бұл бастаманы алғаш көтеріп, оның жүзеге асуына тікелей ықпал еткен. Ал, ескерткіш орнату ісіне ұлағатты ұстаздың ұлдары ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Балқаш қаласының Құрметті азаматы Елубай Баймағанбетов,

Қаламбай және Тілеуқор белсене атсалысты. Бұл бастаманы «Құлық Жалаңтөс батыр – Танат баба» қоғамдық қоры да қолдап, іске асыруға үлкен үлес қосты.

Ұстаз ұрпақтары, Ақтоғай ауданы мен Шабанбай би ауылдық округінің әкімдік өкілдері, сондай-ақ, Астана, Алматы, Қарағанды, Балқаш қалаларынан арнайы шақырылған қонақтар, ардагер-ұстаздың зейнеттегі шәкірттері, туған-туыстары және ауыл тұрғындары қатысты.

Стеланы ашу мәртебесі Елубай Баймағанбетовке, қоғам және мемлекет қайраткері Құлмұханбет Исақовқа, Қабыкей ұстаздың шәкірттері Баймұрат Құрмашұлы мен Қабдолла Нөкербекұлына берілді. Жиналған жұрт ескерткішке гүл шоқтарын қойып, шашу шашып, әсерлі сәт-

тің куәсі болды.

Іс-шара барысында «Құлық Жалаңтөс батыр – Танат баба» қоғамдық қорының төрағасы, мемлекеттік қызмет ардагері Мейірхан Тәтибеков тағылымды баяндама жасап, Қабыкей Баймағанбетовтің ұстаздық жолы мен соғыстағы ерліктері, ақындық өнері, өмірлік ұстанымдары туралы кеңінен айтып берді.

Ұстаз еңбегіне деген құрметтің белгісі ретінде Алматыдан келген құрметті қонақ Құлмұханбет Мырзахметұлына дәстүрге сай шапан жауып, сый-құрмет көрсетілді. Сонымен қатар, қор шешімімен Шабанбай би ауылындағы Әлімхан Ермеков атындағы жалпы білім беретін мектептің 11 үздік оқушысына Қабыкей Баймағанбетов атындағы шәкіртақы тағайындалғаны жария етілді. Әр шәкіртақы көлемі – 10 000 теңге.

Салтанатты жиында Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары Айдос Қуанышбаев аудан әкімі Абылай Аманжоловтың құттықтау хатын оқып, көпшілікті мерейлі күнмен және стеланың

ашылуымен құттықтады.

Кезінде «Қабыкей академиясын» бітірдік деп әзіл-шыны аралас айтатын, бүгінде ел ағасы атанған шәкірттері Қабдолла Нөкербеков, Баймұрат Құрмашұлы және білім бөлімінің ардагері Абылай Түсіпбеков тебіреніске толы естеліктерімен бөлісті. Олар ұлағатты ұстаздың оқу-білімге, тәрбиеге сіңірген өлшеусіз еңбегін ерекше ықыласпен еске алды.

Іс-шара соны Қаратал ауылындағы Қабыкей Баймағанбетов пен зайыбы Күләй Смағұлқызының зиратына зиярат етумен, құран бағыштап, бабалар рухына тағзым етумен жалғасты. Ауыл орталығындағы тойханада ас беріліп, қатым құран оқылды. Ұрпақтың ата-баба алдындағы парызы ретінде ұйымдастырылған бұл мазмұнды шара көптің көңілінен шықты.

Айта кетейік, «Қабыкейдің мектебі» – тек білім ордасы емес, ел жадындағы рухани мұра ретінде қайта жаңғырып отыр.

Ақтоғай ауданы

«Түбінде баянды еңбек егін салған...»

Абай данышпанның пікірін бүгінгі әңгімемізге текке кіріктірмеген едік. Әңгімемізге арқау болып отырған еңбек ұжымының – Нұра ауданына қарасты «Пржевальский» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мүшелері ырзығын егін шаруашылығынан тауып отырған адамдар.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл шаруашылықтың тарихына аз-маз тоқталатын болсақ, осыдан 71 жыл бұрын, тың игеру сылтауымен қазақ даласын айқыш-ұйқыш тілгілеп, сол кездегі Кеңес Одағының түпкір-түпкірінен келімсектерді тоғытқан кезде, Қарағанды облысының Нұра ауданына қарасты Қонғасай қонысы негізінде бұл өңірге еш қатысы жоқ Пржевальский атындағы астық өсіру және ет өндіру совхозы ашылып, оның иелігіне 50300 гектар жер (оның 46 мың гектардан астамы егіншілікке жарамды) бекітіліп берілген еді.

Шаруашылықты әр жылдары ұйымдастыру қабілеті, кісілік қасиеті әр түрлі деңгейдегі адамдар басқарды. Совхоздың соңғы директоры да, оны 1993 жылы «Алтын дән» атты ұжымдық меншік кәсіпорнына айналдырған да А.П.Романенко. Анатолий Павлович қызмет бабымен аудан орталығына ауысқан соң «Алтын дәннің» тізгінін Ықсан Балтабайұлы Таттыбаев ұстады. Кәсіпорын 1999 жылы «Пржевальский» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылды. Осыдан кейін шаруашылықтың тасы өрге домалай бастады. ЖШС басшысы аудандық мәслихаттың депутаттығына сайланып, мемлекеттік марапаттарға ие болды. Серіктестік бірте-бірте мал өсіруді шектеп, егіншілікке ден қойды. Мұндағы мамандар мен жұмысшылар ұзақ жылдардан бері тұрақты еңбек етеді. Бірақ,



соңғы жылдары бірен-саран жас адамдардың ауылға оралып, аға ұрпақтың еңбек жолын жалғастыруға кіріскені байқалады. Мысалы, шаруашылықта 35 жылға таау қызмет жасаған Ықсан Балтабайұлы өткен жылы қайтыс болған соң, ЖШС басшылығы міндетін ұлы Әлібек жалғастыруда. Еңбекәккі әркімнің ортақ іске қосқан үлесіне қарай әділ төленгендіктен, қазір Мүзбел атауын иеленген ауылдың тұрғындары орнықты, өзге жаққа қоныс аударушылар өте аз. Қазір ауылдық округте 144 отбасы, жеті жүзден астам тұрғын болса, оның 160-ы әңгіме болып отырған серіктестікте еңбек етеді. Науқан кезінде жұмысшылар саны 200-ге дейін жетеді екен. Мұндағы орта мектепте 120 бала екі тілде білім алады. Қазақ және орыс тілді сыныптар саны шамалас көрінеді. Мектеп, балабақша, Мәдениет үйі, ФАП, спортзал сияқты көпшілік орындар осы серіктестіктің қамқорлығында екені айтпаса да түсінікті болар.

Шаруашылық 2 және 3 сортты астық өндіреді. Әдетте бидай мен арпа, сұраныс өскен жылдары сұлы, бұршақ, зығыр өсіреді екен. ЖШС аумағында егіншіліктен айналысатын екі бригада жұмыс істейді. Бұған дейін

«Концерн Цесна-Астық» ЖШС, «Жер-Арна» ЖШС, «Продкорпорация» АҚ, «Дара» ЖШС, Қарағанды диірмен комбинаты, «Фирма Акнар» ӨК сияқты іргелі кәсіпорындармен іскерлік байланыс орнатып, өзге шаруашылықтармен салыстырғанда өнімін тұрақты бағада ұстай алған «Пржевальский» ЖШС әлі де осы бағытты ұстанбақ.

Өндіріс құралдарының көпшілігі кеңес дәуірінен мұра болып қалғаны белгілі. Ескірген техника жиі бұзылып, оларды жөндеу үшін қосалқы бөлшек табылмағандықтан, серіктестік соңғы жылдары трактор-машина паркін бірте-бірте жаңалауға көшіпті. Қазір оның егістік алқаптарында көзімізге ежелден таныс ДТ-75, МТЗ, Т-4, Т-40, К-700 тракторларымен қатар Buhler Versatile 2375, John Deere 9530 сияқты алыс шет елдерден алдырған машиналар да жұмыс істейді. Егін жинайтын комбайндар мен қырмандарға техника туралы да осыны айтуға болады. ЖШС-ның тұқымдық және сатылмаған астықты сақтау қоймалары жөндеуден өткен. Яғни, орылған егінді шығынсыз сақтауға барлық мүмкіндік бар.

Қыркүйектің екінші аптасында барғанымызда ЖШС басшысы Әлібек Таттыбаев жұмыс

бабымен Астанаға кетіп, оның орнында бас агроном Жанат Тасымов қалған екен.

– Серіктестікке қарасты жер көлемі 34198 гектар. Оның 30 мың гектары егістік алқабы, 2000 гектары шабындық, жайылымдық жеріміз жоқтың қасы, – деді ол. – Биыл 25168 гектар жерге тұқым сіңірілді. Оның 23851 гектары бидай, 967 гектары арпа, 350 гектары сұлы. Әзірше барлық сұлы мен арпа, бидайдың жартысына жуығы жиналды. Гектар түсімі 12 жарым центнерден айналуда.

Мал ұстайтын тұрғындарды жемшөптен де «Пржевальский» ЖШС қамтамасыз етеді. Мұндағы шөптің тоннасы 12 мың теңге екен. Жаңбыр аз жауатын аудандардың жұрты үшін қызығарлық баға әрине.

Тәжірибелі басшы, қамқор екенін өнегесін ұстанған Әлібек Ықсанұлы жетекшілік етіп отырған «Пржевальский» ЖШС-ның қазіргі жағдайы осындай.

СҮРЕТТЕ: «Пржевальский» ЖШС-ның егістік алқаптарында қызу жүріп жатқан күзгі науқан көріністері.

Суретті түсірген Жанат ТАСЫМОВ

Жастар жанашырлығының жарқын үлгісі

Саран қаласында Дүниежүзілік тазалық күні қарсаңында кең ауқымды экологиялық сенбілік ұйымдастырылды. Табиғатты қорғауға бағытталған шараға 100-ден астам адам – қала жастары, облыстық балық шаруашылығы инспекциясы мен жануарлар дүниесі және балық ресурстары инспекциясының қызметкерлері қатысты.

Сенбілік барысында Сарандағы су қоймасының жағалауы тазартылып, 57 қап қоқыс жиналды. Оның ішінде 25 қап пластик, шыны және қайта өңдеуге жарамды басқа да қалдықтар «Вторсырьё Караганда» компаниясының Сарандағы қабылдау пунктіне тапсырылды. Бұл бастама қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастырып, тұрмыстық қоқысты қайта өңдеуге

тартуға мүмкіндік берді.

Шараны Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мен Саран қаласының әкімдігі ұйымдастырды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, акцияның басты мақсаты – тек қана тазалық орнату емес, сонымен қатар, халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатты



Сурет облыс әкімінің сайтынан

қорғау мәселелерінде жауапкершілікті арттыру.

Дүниежүзілік тазалық күні жыл сайын қыркүйектің үшінші сенбісінде аталып өтеді. Бұл халықаралық акцияға әлемнің ондаған мемлекеті қатысады. Биыл ол 20 қыркүйекке сәйкес келіп отыр.

Саран қаласындағы сенбілік – табиғатты қорғауға үлес қосуға әркімнің мүмкіндігі бар екенін көрсеткен іс-шара болды. Жастардың, мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерінің бірлесе қатысуы экологиялық мәдениетті арттырудың тиімді жолына айналуда.

Сенбілік тек бір күндік тазалық шарасы емес, Саран қаласының тұрғындары үшін экологиялық



жауапкершіліктің, табиғатқа жанашырлықтың жаңа дәстүріне айналды. Ұйымдастырушылар мұндай акцияларды жүйелі түрде өткізу арқылы жергілікті жұртшылықтың табиғатқа деген көзқарасын өзгертіп, балалар мен жастардың бойына тазалық мәдениетін сіңіруді көздеп отыр.

Өз тілшімізден

САРАН

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

«Салтанат» аспан асты еліне жол ашты

Осыған дейін республика шегінен шығып, Франция, Германия, Қарақалпақстан, Түркия, Болгария, Ресей, Польша елдерінің өнерсүйер тұрғындарын таң-тамаша қалдырған Қарқаралының «Салтанат» ән-би ансамблі қыркүйек айының ортасында Қытай Халық Республикасының мәдени орталығы саналатын Шанхай қаласындағы әлемдік өнер мерекесі «ShanghaiFest» халықаралық фестиваліне қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аспан асты еліндегі бұл фестиваль көгілдір планета тұрғындарының өзара достығын нығайтып, халықтар арасындағы мәдени байланысты арттыруды мақсат етеді. 36 жылдық тарихы бар осы додаға әрбір күзде ондаған елдің шығармашылық ұжымдары қатысып, өз ұлттарының өнердегі жетістігін паш етеді. Биыл Қазақстан алғаш рет бұл фестивалге қатысу мүмкіндігін иеленіп, еліміздің рухани жетістігін көрсету мәртебесі қасиетті Қарқаралының «Салтанат» ән-би ансамбліне бұйырыпты. Бұл



— республикамыз, оның ішінде облысымыз үшін зор мәртебе, әрі тарихи оқиға. Фестивальға қазақ ұлты атынан қатысқан қарқаралылық қырық өнерпаз көшпелі жұрттың бай салт-дәстүрін жарқырата көрсетіп, аспан асты

елі көрермендерінің ыстық ықыласына бөленді.

Фестивальға арнайы әзірленген бағдарламаға қосымша, көрермендердің сұрауы бойынша, домбырашыларымыз А.Имекеев, Е.Сәменов, А.Қабыке-

нов, Е.Төлепбергенов, А.Кәкім, М.Сембек халық күйлерін, жеке дауыста Е.Уалханов халық әні «Құралайды», Д.Ахметжанова Кенен Әзірбаевтың «Ой, жайлауын», А.Әбілқасымова халық әні «Ахау керімді», Б.Жекеева, Д.Ахметжа-

нова және А.Әбілқасымова «Қытай әнін» шеберлікпен орындап, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Фестиваль барысында оны ұйымдастырушылармен қатар шетелдік қонақтар да қазақ халқының рухани бай мұрасын, аспандағы аққуға үн қосқан әуезді әндері мен көз сүйсіндіретін көркем билерін ерекше ықыласпен қабыл алып, жоғары баға берді. Қазақ өнерінің қайталанбас нақышына тәнті болған жергілікті халық пен мереке меймандары ұлттық мәдениетімізге өте зор қызығушылық танытты.

Бұл сапар Қарқаралының «Салтанат» ән-би ансамблі үшін ғана емес, жалпы өңір мәдениеті үшін жаңа белеске айналды. Шанхайдағы өнер мерекесінде таныстырылған бағдарламалар мен қазақ халқының бай мұрасын көрермендердің ыстық ықыласы — халықаралық сахнадағы беделімізді нығайтып, алдағы уақытта да мәдени алмасуларды күшейтуге жол ашады. Ансамбль мүшелері бұл тәжірибенің оларды жаңа ізденістерге жігерлендіріп, репертуарын байыта түсуге серпін бергенін атап өтті.

СУРЕТТЕ: «Салтанат» ансамблінің Қытай Халық Республикасының Шанхай қаласындағы күндерінен көріністер.

• АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Жаңа маусым жоралғысы

Жаңа Майкұдық мәдениет үйінің жаңа маусымы жарқын мерекелік бағдарламамен бастау алды. Ашық есік күні қарсаңында жергілікті тұрғындарға «Өнерге қанат қакқандар» атты шығармашылық ұжымдардың жаңа жобасы ұсынылып, мәдениет ошағы өнерге құштар жастар мен балаларға есігін айқара ашты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жергілікті халықты мәдениет үйінің жұмысымен таныстыру бағытында қолға алынған жоба шығармашылық үйірмелерге қызығушылықты арттыру және өнерлі өрендерді қолдауды көздейді.

— Ашық есік күнінің мақсаты — мәдениет үйіндегі барлық ұжымды қайтадан жандандырып, өнер жолына қызығушылығы бар өнерпаздарды қатарға қосу. Жаз мезгілінде барлығы тынығып келген соң, күзде жаңа оқу жылында тың жобаға біржолата кірісуді қолға алдық, — деді мәдениет үйінің әдіскері Еркебұлан Елтай.

Көрермендер алдында «Нұрби» үлгілі хореографиялық ансамблі, «Сымбат» вокал үйірмесі, «Бастау» фольклорлық ансамблі және «Шахтерлер» халықтық хоры өнер көрсетті. Сондай-ақ, түрлі жастағы өнерпаздарды біріктіретін тағы да бірнеше ұжымдар тұрғындарға шығармашылық бағдарламаларын ұсынды.

— Біздің ансамбліміз 3 жастан 80 жасқа дейінгі өнерпаздарды қамтиды. Жас ерекшелігі шектелмегендіктен, әр буын өкілдері қызығушылықпен құмарта қатысады. Қазір үйірмемізде 150-ге жуық өнерпаз бар. Бүгіннен кейін жаңа қатысушылар қатары арта түсетініне сенімдімін, — деді «Нұрби» ансамблінің жетекшісі Нұрлан Мұқатаев.

Мерекелік кеш қала тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй сыйлап, өнердің сан түрлі қырын қамтыды. Ашық есік күні мәдениет үйінің ашық әрі қолжетімді екенін дәлелдеп қана қоймай, жаңа таланттарға жол ашаттыны анық.

Көрермендердің жылы ықыласы мен өнерпаздардың шабытты қойылымдары мәдениет үйінің мәртебесін арттырып, жас таланттардың өз қабілетін танытуына, шығармашылықпен шыңдалуына кең мүмкіндік туғызды.

• БОКС

Апалы-сіңлілі Азия чемпиондары

Бокстан жасөспірімдер арасында өткен Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы сапында рингке көтерілген Нұра өңірінің қос өрені 2009 жылы туған Камила мен 2010 жылы дүниеге келген Аяулым Оспановалар чемпион атанып, жеңіс тұғырының биік сатысына көтерілді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Камила үш дүркін облыс және үш дүркін республика чемпионатының, Олимпиада чемпионы Ермахан Ибрагимов турнирінің екі мәрте жеңімпазы. Сербияда, Латвияда, Италияда өткен халықаралық турнирлерде топ жарды. Ол сондай-ақ 2024 жылы Абу-Дабиде өткен Азия чемпионатының жүлдегері атанып, биыл Иорданияда Азия чемпионы атағын жеңіп алды.

Аяулымның мәртебесі апасынан асып түспесе, кем емес: облыстың және республиканың үш дүркін, Ермахан Ибрагимов турнирінің екі мәрте, Сербияда, Латвияда, Ресейде, Италияда өткен халықаралық турнирлердің жеңімпазы. 2024 жылы Абу-Дабидегі Азия чемпионатында тұғырдың биік сатысына көтерілсе, биыл



Иорданияда өткізілген құрлық біріншілігінде екінші мәрте чемпион атанды.

Көпбалалы отбасында өскен апалы-сіңлілі Оспановалар облыстық спорт мектебінде тәрбиеленуде. Болашағы зор спортшыларды Рамазан Мизанбаев баптап, жаттықтырады. Бір атап айтатын жағдай, жаттығу кезінде Аяулым өзі қатарлас жасөспірім ұлдардан асып түсетін

көрсеткіштерді игеруде.

Қазақстан чемпионатындағы және Азия біріншілігіндегі жеңістерінен кейін спорт мектебінің басшылығы апалы-сіңлілі Оспановаларды «Спорт шеберлігіне үміткер» атағына ұсынды.

СУРЕТТЕ: Азия чемпионатында топ жарған Камила және Аяулым Оспановалар.

• АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Ел чемпионы атанды

Елордада аралас жекпе-жекпен ел чемпионаты өткен болатын. Байрақты бәсекеде облыс атынан қатысқан Марат Сражатов қарсылас шақ келтірмей, алтыннан алқа тақты. Әрі әлем чемпионатына да жолдама иеленді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Марат Сражатов облыстық Төтенше жағдайлар департаментінде жұмыс істейді. Өзі спорттың осы түрімен төрт жылдан бері шұғылданып келеді.

Спортшы атық кезеңге дейін үш қарсыласпен кездескен. Десе де, жекпе-жектерін мерзімінен бұрын аяқтап, финалға жолдама алады.

— Финалдағы қарсыласым Шығыс Қазақстан облысының спортшысы болды. Қарсылас осал

емес. Жеңіс үшін барымды салып, соңына дейін ұрыстым. Бұл жолы бағым жанды. Жалпы, өз басым жұмыс барысында үнемі шынығып жүремін. Түрлі жаттығулар жасаймын. Қимыл-қозғалыста жүргендіктен жылдам әрекет ету қабілеті қалыптасады екен. Өрине, бұл қасиет спортшыға да, құтқарушыға да аса қажет. Тыңғылықты дайындығымның нәтижесінде жеңіске жеттім, — деді чемпион.

Енді жерлесіміз біршама уақыт тынығып, әлем чемпионатына дайындықты бастайды.



Сурет облыс әкімінің сайымын

• ХОККЕЙ

Ірі есеп тіркелді

Хоккейден ел чемпионатының үшінші айналымында «Сарыарқа» өз алаңында «Ақтөбе» клубын жеңді. Қос кездесу қорытындысы бойынша жерлестер 5:2 және 9:0 есебімен қарсылас командаға қарымта қайтаруға еш мүмкіндік қалдырмады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қос қарсылас арасындағы кездесуде міндетті түрде ірі есеп тіркеледі деген болжам болды. Оған жанкүйерлер қауымы да үйреніскен. Әлбетте, жерлестер қарсыластарынан күштірек. Әрі тактикалық тұрғыдан да көш ілгері. Сондықтан, қос қапталдан кезек шабуыл ұйымдастырып, әр соққысын қапқа торына түсіру



біздікілер үшін қиын шаруа емес.

Алғашқы кездесудің бірінші айналымында есеп ашылған жоқ. Тек, екінші айналымнан бастап ойын қыза түсті. Алаң иелері сапынан 22-ші минутта — Сергей Барбашев, 32-ші минутта — Александр Борисевич есеп ашқан болатын. Араға бір минут салып, қарсылас команда шабуылшысы Дінмұхаммед Сапарбек есеп алшақтығын қысқартты. Ізін суытпай шабуылшы Александр тағы бір шайбаны қарсылас қақпасына тоғытып, есепті 3:1-ге жеткізген болатын. Қарсыластар тағы да есеп алшақтығын қысқартып үлгерді. Бұл жолы көзге түскен — шабуылшы Ерасыл Шайкенов. Екінші айналым аяқталар тұста Александр ойындағы үшінші шайбасын салып, есепті еселеді. Ал, үшінші айналымда Руслан Демин жалғыз шайба салып, ойынның соңғы нүктесін қойды.

Осылайша бірінші ойын 5:2 есебімен жеңіс жерлестердің пайдасына шешілді.

Ал, қарымта ойында қарсыластарға мүлдем мүмкіндік қалдырмады. Бірақ, бұл қарсыластар шабуыл ұйымдастырып, соққы жасамады деген сөз емес. Керісінше, бұл жолы қақпасшы Данил Кадочников бірнеше қауіпті соққының бегін қайтарды. Нәтижесінде «Сарыарқа» ойыншылары бұл ойыннан құрқол кеткен жоқ. Шабуылшылары бір шайбадан салып, қанжығаларын майлады. Ал, шайба сала алмағандары керісінше, нәтижелі пас беріп, көзге түсті. Осылайша, жерлестер қарымта ойында ең ірі есепті тіркеді. Айта кетейік, бұған дейінгі қос команда арасындағы ең ірі есеп — 8:4 еді. Ол есеп те «Сарыарқаға» тиесілі.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88,
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Тарапымыз 3 512

№103 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРЖАНАТ КЕПЕСБЕКҰЛЫ